

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚУ

МИКРОКРЕДИТТЕР
зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
көпілсіз
алты жылға дейін
ОНАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ
Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы)
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

Жол-көлік оқиғалары азайды

Жол қауіпсіздік ережесін түсіндіру мақсатында облыста «Қауіпсіз жол» профилактикалық іс-шарасы өтуде. 17 мамырда басталған шара 16 маусымға дейін жалғасады. Бір ай ішінде жол сақшылары ереже бұзушыларды анықтап қана қоймай, түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Көшелерге қосымша жол белгілерін орнатуға ұсыныстарын береді.
Халық көп жиналған аумақтарда, жаяу жүргіншілер өткелдерінде, еріктілермен бірігіп, жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытындағы үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, тұрғындардың жол ережесін білуіне және сақтауына жақсы баға береміз. Себебі, статистикалық мәліметтерге сәйкес, жол-көлік оқиғалары, оның ішінде жаяу жүргіншілер тарапынан жол ережесін бұзу деректері жылдан жылға төмендеуде. Биылғы жылдың 4 ай қорытындысымен жол-көлік оқиғалары – 12, ал жарақат алғандар 6 процентке азайды. Жалпы, ауыр дене жарақатын алған жол-көлік оқиғалары республикалық маңызы бар тас жолда орын алуда, – деді Қызылорда ОПД басқарма бастығының орынбасары Бақыт Молдабеков.
Айта кетейік, департамент мамандары жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында күн сәулесінен қуат алатын диодты жарық және қозғалысты реттейтін белгілерді көбейтуге ұсыныс беруде.



«Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы негізінде қолдау алған кәсіпкер сантехникалық және көріздік құбырлар өндірісін жүргізуде

Исмаил Тунжер мен Индира Жамалова кәсіппен айналысқанына он жылдан асадан. Кәсіптегі жолын, зат алып-сатудан бастаған, ал 2011 жылдан бері Қызылорда облысы бойынша "Galaksi Group" компаниясының ресми дилері болып табылады.
Қазіргі таңда Исмаил Тунжер – аймақтағы пластикалық терезе жасауға арналған қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген кәсіпкерлердің бірі. Естегілі мырза ізденіс үстінде жүргенде сантехникалық және көріздік құбырларын өндіру туралы ой туғанын және өндірісін Қызылорда қаласынан ашуға шешім қабылдағанын айтады.
Исмаил мырза 2020 жылы елімізде болған төтенше жағдайға қарамастан, карантин уақытында туындаған қиындықтарға қарамастан, өжеттілігі танытып «Халық Банку» арқылы «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында 6% Мемлекеттен қолдау алып, «сантехникалық және көріздік құбырлар өндірісі» ашты. Кәсіпкер алған субсидияға Қытай, Түрік елдерінен және Алматы қаласынан шикізаттарын алдырғанын және жоба аясында сантехникалық, көріздік және т.б. құбырлар өндірісіне сұраныстың күн санап артып келе жатқанын айтады. Дайын өнімдер Қызылорда облысының барлық аймағына және Шымкент, Тараз, Алматы қалаларына жеткізілуде.
Қазіргі таңда күнне 3,5 т дайын өнім өндірілуде, болашақта күнделікті өндірісті 10 т дейін жеткізуді жоспарлайды. Кәсіпкер 12 адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Бұл жобаның ерекшелігі өнім тек қана таза шикізаттан ғана емес, өндіріс қалдықтарынан да қайта өңделіп өндіріледі және экологиямыздың тазалуына септігін тигізуде.
Даму қоры Исмаил мырзаға барлық бастамаларына сәттілік тілейді.
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиалы

Хабарландыру
«Байқоңыр» ӘХК» АҚ Қызылорда облысының аудан орталықтарында орналасқан сауда орындары бар кәсіпкерлік субъектілерін, 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін заим алуға шақырады. Заим бойынша ақпаратты www.spk-baikonur.kz сайтынан алуға болады.

Мекенің болсын жұмақтан

Жалған дүние-ай. Сынаптай сырғыған уақыт қолына ұстапты суысып жатқаны... Сонау жастық шақта жоғары оқу орнында танысып, достығымыз ұзақ жылдарға жалғасып, жаңуыларымыздың қызығын бірге көрдік. Заманымыздың жақсы күндеріне жетіп, кемел жасқа келген шақта біздің қимас досымыз, ардақты әке, ел азаматы Жүсіпов Арыстан Жүсіпұлын елімізде дендеген кесапат ауру мамырдың 19-да арамыздан алып әкетті.
Арыстан Жүсіпұлы 1949 жылдың 22 наурызында дүниеге келген. 1972 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институтының «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» факультетін инженер-механик мамандығы бойынша тәмамдаған. Ұзақ жылдар облыстық ауыл шаруашылығы саласында инженер, бөлім басшысы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін абыройлы атқарды. Ауыл шаруашылығы басқармасына қарасты Госсельтехнадзор облыстық инспекция мекемесін ұзақ жылдар басқарып, құрметті зейнет демалысына шықты. Үш ұл тәрбиеледі. Ұрпақтары банк, журналистика, бизнес салаларында қызмет атқаруда.
Өмірден өтсе де, қоңылдан өшпейтін ардақты досымыздың жарқын бейнесі ешқашан ұмытпақ емес. Жатқан жерің жайлы, жаның жәннаттің төрінен болсын, Ареке!
Достары.



Өңір өнерпаздары биіктен көрінді



Сыр елінің өнер ұжымдары 13-15 мамыр аралығында өткен «Рухани қазына – 2021» республикалық онлайн фестивалінде 3 номинация бойынша жеңімпаз атанды. Марапат иелері Көкшетау қаласында фестивальдің қорытынды шарасы мен үздіктерді марапаттау рәсіміне қатысуда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұршат Наурызбаева мәлімдеді.

Дәстүрлі түрде өткізілетін «Рухани қазына» республикалық фестивалінде облыс кітапханашылары жоғары нәтиже көрсетті. Қармақшы аудандық балалар кітапханасы «Үздік аудандық маңызы бар мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер кітапханасы», Қазалы аудандық кітапханасының кітапханашысы Айнур Әбілтаева «Үздік аудандық маңызы бар кітапханасы» номинациясын алды. Ал «Үздік аудандық мәдениет үйі,

«СБ» ақпарат
«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

БРИФИНГ

Талаптардың сақталуы бақылауда

Облыстағы дәріханаханаларда дезинфекциялық, бетперделік режим мен әлеуметтік қашықтықты сақтау, антисептиктердің болуы сынды талаптардың сақталуы бақылауда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық медициналық және фармацевтикалық бақылау департаментінің бөлім басшысы Нүрбек Әділханов айтты.

Бүгінде аймағымызда дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізетін 500 объект фармацевтикалық қызметпен айналысады.

Департамент мамандары дәріхана ұйымдарына карантиндік шараларға байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізуде. Көтерме және бөлшек сауда желісінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың 44 халықаралық патенттелмеген атауының болуына, саны мен бағасына айта сайын мониторинг жасалады. Сондай-ақ, дәріханаларда тұрғындардың дәрілік заттарға қажеттілігін қамтамасыз ету үшін екі айлық қор бар, – деді бөлім басшысы Н.Әділханов.



Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Су Кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдесі Қодексінің 39-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТТІ:
1. Көсе беріліп отырған ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесі бекітілсін.
2. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ж. Сүлейменовке жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы реті жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г. Әбілқалықова
Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы «__» №__ қаулысымен бекітілген

Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесі

Table with 4 columns: №, Атауы, Мекенжайы, Жер телімінің кадастрлық нөмірі. It lists various water supply systems across different districts of the region.

Table with 4 columns: №, Атауы, Мекенжайы, Жер телімінің кадастрлық нөмірі. It lists various water supply systems across different districts of the region.

